

Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі

ЖОБА

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай Назарбаев Университетінде өткізілген «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты Халықаралық симпозиум жұмысы нәтижесінде құрылған Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі */әрі қарай Бірлестік/* мемлекеттік емес қоғамдық ұйым болып табылады. Қазақ тіліндегі қысқартылған нұсқасы – **ҚТОХБ**. Орыс тіліндегі аудармасы – Международное объединение преподавателей казахского языка – **МОПКЯ**. Ағылшын тіліндегі нұсқасы – International Community of Teachers of Kazakh Languages – **ICTKL**.

Бірлестіктің мақсаты – қазақ тілі мәселелерінің ғылыми-теориялық, педагогикалық қорын нығайту және тарату, әлемдегі тілдік білім берудің үздік тәжірибелерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Бірлестіктің міндеттері:

- Рухани жаңғыру мен ұлттық жады тұғырнамасы ретінде қазақ тілінің оқытылу, зерттелу бағыттарын кеңейту.
- Қазақ тілін оқыту саласы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарымен бірігу, байланыс орнату.
- Қазақ тілін оқыту саласы бойынша Орталық Азия, Қытай, Жапония, Корея, Ресей Федерациясы, Түркия, Еуропа, Солтүстік Америка және тағы басқа әлем елдерімен өзара ынтымақтастықты дамыту.
- Дүние жүзі қазақ және түркі тілдері оқытушыларының халықаралық қарым-қатынастарын нығайту мақсатында түркі тілдерін оқыту сапасын арттыруға бағытталған кәсіби ұйымдармен, Американдық түркі тілдері оқытушыларының қауымдастығымен (ААТТ), Түркиялық Türkçe Öğretim Merkezleri (TÖMER), Юнус Емре институтымен және оның филиалдарымен ынтымақтастықты арттыру.
- Қазақ тіл білімі, елтану, тіл оқыту мен салыстыра-салғастыра талдау бағытында ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылымаралық байланысты нығайта отырып, пікір алмасу, халықаралық ғылыми жобаларға қатысу, бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру.
- Тілдік білім беру саласындағы оқыту әдістемелері мен инновациялық технологиялардың соңғы жаңалықтарын жинақтау, тарату және өзара тәжірибе алмасу.
- «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігінің» (ICTKL) жиналыстары мен кездесулерін ұйымдастыру.

Бірлестіктің 2018 – 2022 жылдарға арналған стратегиялық бағыттары:

1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт
<i>мақсаты – Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі қазақ тілін оқыту, меңгеру мәселелерін жүйелеу</i>	<i>мақсаты – Қазақстандағы және халықаралық деңгейдегі қазақ тілінің ғылым нысаны ретінде зерттелуін жүйелеу</i>	<i>мақсат - қазақ тілінің түркі тілдерімен байланысу бағыттарын нақтылау</i>	<i>мақсат –қазақ тілін ұлттық рухани жаңғыру негізі ретінде бағдарлы дамыту</i>
міндеттері	міндеттері	міндеттері	міндеттері
1) Қазақ тілін оқытудың лингводидактикалық негізі мен технологиясын дамыту: Қазақстандағы жаңа педагогикалық зерттеулермен танысу.	1) Қазақстанның жоғарғы оқу орындарымен байланыс орнату: бекітілген ғылыми зерттеулер бойынша ортақ ақпараттық қор дайындау; ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізу.	1) Қазақстандағы «Түркі академиясы» Халықаралық ұйымымен ынтымақтастықты дамыту: бірлескен ғылыми жобалар дайындау; «Түркі кітапханасы» қорымен байланыс орнату.	1) Қазақ жазуы мен латын әліпбиінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру. Мемлекеттің 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды латын әліпбиінде басып шығару жоспарын жүзеге асыруға ат салысу.

<p>2) Деңгейлік қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу: оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың қорын жинақтау.</p>	<p>2) Академиялық ұтқырлық аясында қазақ тілінен ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген шетелдік зерттеушілердің тізімдемесін дайындау.</p>	<p>2) Шетелдегі кәсіби ұйымдармен, Американдық түркі тілдері оқытушыларының қауымдастығымен (ААТТ), Түркиялық Türkçe Öğretim Merkezleri (TÖMER), Юнус Емре институтымен және басқа да түркі тілдерін оқыту халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты арттыру.</p>	<p>2) Қазақ тілінің әдебиетпен, тарихпен, саясаттанумен, әлеуметтанумен, философия және психологиямен, мәдениеттанумен байланысын нығайту.</p>
<p>3) Екінші тілді үйрету мен тілдік білім берудің халықаралық тәжірибесін жүйелеу. Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерту әдістемесін жетілдіру.</p>	<p>3) Шетелдегі қазақ тілі мәселелерін зерттеуші мамандардың, студенттердің қорын дайындап, веб-парақшаға орналастыру.</p>	<p>3) Бірлескен ғылыми жобалар дайындау; түркі тілдерінің оқу-әдістемелік қорымен танысу, тізімдемесін дайындау.</p>	<p>3) Лингвомәдениеттаным аспектісінде заманауи қазақ мәдениетін әлемге таныту мақсатында түрлі аудио-видео құралдар, мультимедиялық оқу /оқу-әдістемелік/ құралдарды дайындау, тарату. Шетелдегі басылымдармен байланыс орнату.</p>

<p>4) Кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі мен технологиясын дамыту: кәсіби тілдік дайындықты жүзеге асыратын кафедралармен байланыс орнату. Кәсіби мамандардың қатысуымен бірлескен семинарлар өткізу.</p>	<p>4) Жаңа ғылыми бағыттар бойынша ақпараттандыру жұмысын жүргізу.</p>	<p>4) Қазақ тілі мен түркі тілдерінің сабақтасқан ғылыми-әдістемелік қорын дайындау және бірлескен семинарлар мен форумдар өткізу.</p>	<p>4) «Туған жер» бағдарламасы негізінде пәнаралық сабақтастық ұстанымдарына негізделген зерттеулер жүргізу. География, антропология, тарих, түркітану, әдебиет салаларының үйлесімді сабақтастығын дамыту.</p>
<p>5) «Жаңа гуманитарлық ғылым. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында лингвистикалық капиталды дамыту. Ұлттық аударма бюросымен қарым-қатынас орнату.</p>	<p>5) Ғылыми ынтымақтастық бағытын дамыту: бірлескен жобалар дайындау; тәжірибе алмасу бағытында конференциялар, семинарлар өткізу; шетелдік жетекшілермен байланыс орнату, дәрістер өткізу.</p>		<p>5) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы аясында ұлттың мәдени капиталын ғылыми-танымдық негізде зерделеуге ат салысу.</p>

<p>6) Орталық Азия, Қытай, Жапония, Корея, Ресей Федерациясы, Түркия, Еуропа, Солтүстік Америка және тағы басқа әлем елдермен өзара байланыс орнату. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың қорын жинақтау.</p>	<p>6) Мемлекеттік «Жас ғалым» жобасы аясында «Жас ғалымдар көрмесі» атты шараны жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми ынтымақтастық белгісі ретінде дәстүрлі өткізу.</p>		
<p>7) Пандемия жағдайында тілдік білім берудің бірыңғай онлайн білім беру платформасын дамыту, қашықтан оқыту жүйесін жетілдіру, қазақ тілі оқытушыларының цифрлы біліктілігін арттыру.</p>			